



ПИОНЕР

№ 8 АВГУСТ
АЛМАТЫ 1959



Пионерлер лагерыдегі өздері өсірген жемістерді жинады.
Суретті түсірген П. Редько.
(Пионер лагері туралы журналдың 16—17-беттерінде арнаулы материал бар).



ПИОНЕР

№ 8

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен пионер ұйымы республикалық Советінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

АВГУСТ

1959 жыл

Шығуына 21 жыл.

Айына бір рет шығады.



Очерк

— Дәриғаның звеносы Қостөбенің алқабында ғой, ол жерге машина бармайды. Бәрі — қызылша егісі. Мынау Сындыбаланың гектарлары, — деп «Қызыл жұлдыз» колхозының (Жамбыл ауданы, Жамбыл облысы) партия ұйымының секретары Меңетай бізді гектар арасының суатымен жаяу бастады. Қызылша сабақтарының балдыр шашақтары желі тарта желбіреп, жер бетіне жана көтерілген шағы екен.

Біз келіп Дариға звеносына жеткенде, қызылша даласының бақташысы — шағын самолет аспан әлемінен моторын гүрілдетіп өте берді. Самолеттің құйрығымен ілесе шұбатылған бозғылт мұнар егіс даласына баяулап шөгіп, жер бетін аймалап сіңіп жатыр.

Қызылшашы әйелдер қызылшаны қатарласа шабықтап әр тактаға түсіп алып, жарысып барады. Әрбір балдыр сабақтың түбі бүлк етіп көтеріліп, қопсып барып орнына отырады. Гектар шетінен бізге кездескен шағын бойлы қара торы әйелдің қатарынан қалыспай келе жатқан, қызыл галстукті пи-

ПИОНЕР *Кәрібай*

С. Бегалин

онер бала бізге сондай әсерлі көрінді. Өйткені, қызылша даласының шеберлері алтын саусақ аналар арасынан пионер галстугын байлаған бала қалай көзге түспесін.

— Бұл кісі — Дариға звеносында істейтін Айым дейтін кісі. Дариғаның еңбектегі серіктесі, әрі сырласы, — деп Меңетай белдігін тағы бір жоғары көтеріп қойып, гектаршы Айымды бізге таныстырды.

— Ал, сен кімге болысып жүрсің? — дедім пионер баланы сөйлеткім келіп.

— Мына шешеме, — деп, жымия Айымға қарап иегін көтерді. Оның таңырайған мұрны, күлімдеген үлкен көзі, күн тотықтырған қара торы өңі сондай қызықты.

— Атың кім? Әкең аты кім?

— Кәрібай.

— Әлі он тоғызыншы ғасырдан бері аса алмай жүрсің ғой!

— Неге? — деп, бала менің бұл сөзімді аздап көңіліне ауыр алғандай болды.

— Бұл он тоғызыншы ғасырдың Кәрібайы емес. Бұл жетіжылдық ұлы жоспардың жас жауынгері, пионер Кәрібай — деп, Меңетай балаға қарап жымындап қойды.

— Ағасы, бұл Кәріжан атасының егделеніп көрген баласы ғой. Сонан әдейі көп жасасын деп Кәрібай қойғаны ғой, — деп Айым балаға қойылған көне есімнің тарихын түсіндірді.

— Әңгіме есімде емес, ісінде ғой,— деп Меңетай да сөз қосып жатыр.

Біздің Дариға звеносына барғанымыз демалыс күні еді. Кәрібайдың шешесіне болысып жүргені де оқуынан бос күнінде ана еңбегін көтермелеу екен.

— Еңбектеріңіз жемісті болсын! Қалай, қызылшаның шығымы өздеріңізге ұнай ма? — деген сұраққа Дариға:

— Шығым жақсы! Қызылша ерінбеген еңбекті, көп күтімді керек ететін өсімдік қой. Қазіргі беті жақсы. Мына самолеттің ерсілі-қарсылы ұшып төгіп жүрген боз шаңғыты мына балдыр сабақтың қорғаушысы. Қызылшаның көктем кезінде екі түрлі жауы бар. Бірі қызылшаның бүргесі, мұны қазір қырмаса, балдыр күнінде жеп қояды. Екіншісі, құрғақшылықта томарға түсетін ақ құрт, оны осы бастан дәрілемесе кейін күшейіп кетеді. Осы екеуінен аман болса, қызылшадан ойдағыдай өнім алынады. Сондықтан да, сақтық етіп, қазірден бастап дәрілетіп жатырмыз...

— Қызылшаның барлық күтімі бұл ғана емес. Мына Дариғаның айтып тұрғаны тап осы кезде сақтанатын қатерлері,— деп бағанадан үнсіз тұрған Айым сөз қосты. Әңгіменің бетін Кәрібайға аударып, оны сөзге тарттық.

— Бесінші класты бітірдім. Біздің пионер отряды құс өсіруге кірісті. Балапан шығаратын жерден көп балапан алып, өсіріп жатырмыз, кезекпен күтеміз.

— Оны өсіргеннен соң не істейсіңдер?

— Оны күзде мектеп пионерлерінің бірінші табысы етіп колхоздың есебіне етке береміз. Одан алған ақшаға қоян сатып алып, қыста қоян өсіреміз.

— Тағы қандай үйірмелерің бар?

— Бізде тағы бірнеше үйірме бар. Оның бірі-жүгері өсірушілер үйірмесі. Онда онан астам пионерлер істейді. Бізге колхоз жерін жыртып, тұқымын сеуіп береді. Арам шөбін жұлу, суғару, ору жұмыстарын өзіміз істейміз.

— Ол жүгеріні қайда пайдаланасыздар?

— Біз ол жүгеріні құс пен қоянға азық етеміз. Онан артығын өзіміз қамқорлыққа алған сауын сиыр фермасындағы бұзауларымызға азыққа береміз.

— Осы сияқты аз болса да көпке көмек тигізіп жүргендеріңе түсінбейтін балалар да бар шығар? — Бұл жерге келгенде Кәрібай жымып қойды. Сәскелікке келіп қалған күн шұғыласы көзін қытықтағандай, бір көзін сәл қысыңқырап сараң ғана жауап айтты.

— Біз ондай баланы пионер қатарына алмаймыз. Өткен жылы бір бала жалтақтап жұмысқа кейде келіп, кейде келмей, тәртіп бұзған соң, пионер жиылысында талқыға салдық. Өзіміздің кішкентай жауынгер листокқа жазып, суретін салып сынаған соң, тәртібін түзеуге уәдесін берді. Қазір ол жақсы істейді,— деп анадай жерде бір жолақта шабық жүргізіп бара жатқан сары балаға қарады. Біз оны ушықтамадық. Өйткені, түзелген баланың қателігін қозғаудың не қажеті бар.

Ал, Кәрібай жөнінде осы звеноның бастығы Дариға да көп әңгіме айтты.

— Өткен жылы Кәрібай біздің звеноға тамаша көмек істеді. Сол жылы қызылшадан өнімді жақсы алдық. Жақсы өнімді жинап алу кезінде, мынадай бір жәйт болды. Мына Кәрібайдың шешесі Айым жеңгей салқын тиіп ескі желі ұстап, қызылшаны жинап жатқан кезде жұмысқа шыға алмады. Оның гектарының қызылшасын трактор қопарып, жинауға дайын етті. Тамырынан үзіліп қопарылған қызылша күн көзінде бір күн жатса, сапасы төмендейді. Ол кезде жиналған томарды қалың етіп жапырағымен жауып тастау керек. Егер лажы болса, тез тиіп өндіріске өткізу керек. Өйтпегенде, қызылшашы көп табысынан айырылады. Оқудың да басталған қызу кезі. Шеше сырқау, қызылша күтімі үзіліп барады. Кәрібай пионер отрядындағы өзінің серіктерімен сөйлесіп, Айымның гектарын жинап, өндіріске өздері тапсыруға міндеттеме алды. Мектептегі сабағын белгілі уақытысында оқи отырып, оқудан бос уақытында шешесінің гектарын бабымен жинап, түн асатын томарды жапырақпен қалың етіп жауып, жатқанша жұмыс істеді. Сөйтіп ол шешесі ғана емес, біздің звеноның табысына көп үлес қосты. Екі жұмаға созылған қызу жұмысының қызу күнінде Кәрібайлар тобы демалыссыз жұмыс істеді. «Тайдың жүргені білінбейді, баланың тындырғаны еленбейді» деген — ол ертедегі сөз екен. Бізге пионерлердің үлкен көмегі тиді,— деп Дариға Кәрібайды сүйсіне әңгіме қылды.

Жалғыз Кәрібай емес, сол Дариға звеносында біраз бала қызылша шабығында жүр. Олардың әрқайсысы өздері сұранып келіп істеп жатыр. Әрбір пионерден бастап еңкейген қартқа дейін табыс кілті еңбекте, бақытты тұрмыс тетігі табыс екенін терең түсінген. Оқу мен өнерді қатар меңгерген пионер озаттары Кәрібайлар осылай істеп жатыр.





Сәкен



АҒА

Повестен үзінді

Балалар! Жазушы Сәйдіп Талжанов қазақ совет әдебиетінің ірге тасын қалаған революционер — жазушы Сәкен Сейфуллин туралы кітап жазды. Сол кітаптың журналға лайықталған бөлімін осы саннан бастап, жариялауға кірістік.

Сәйдіп Талжановтың осы повестінде Совет әдебиетінің алғашқы пионері — революционер Сәкен Сейфуллиннің өмірі баяндалады. Повестің бірінші тарауында әке-шешесінен жастай жетім қалып, ағасының қолында өскен жылқышы Сейфулла және оның айналасы суреттеледі. Тапшы өмірдің тақсіретін тартқан Сейфулланың азынаулақ енші алып, бай ағайындарынан ажырап, жатақта қалуы айтылады. Онан кейін бала Сәкеннің өскен ортасы, оның өмірмен танысуы, егіншілік кәсіп, аңшылық, түрлі ойындар, қазақ даласында болған әдет-ғұрып көрсетіледі.

Сәкен оқуға түседі, әуелі 10 жасында ауылдағы молдадан оқиды. Нілдіге барып орысша оқуға түседі. Жұмыскерлер арасында жүріп тәрбие алады. Үш жыл Нілдіде оқып, 16 жасында Ақмоладағы қалалық мектепке барып түседі. 19 жасында Омбыға келіп, учительская Семинарияны 22 жасында бітіреді. Нілдіде жұмыскерлер ішінде революциялық рухқа бөленіп, содан Омбыда шын революционерлермен тізе қосып, пікір майданына белсене шығуы суреттеледі.

Міне енді буыны бекіген Сәкен 1916 жылғы қазақ даласында болған дүрбелеңге кезігіп, нығая түседі. Бұған орыс революционерлері де көмек береді. 1917 жылы патша тақтан түскеннен кейін Сәкен Ақмолаға келіп, революциялық күреске кіріседі. Бұл кез патша өкіметінің итаршылары билеп тұрған уақыт еді. Сәкен нешетүрлі қысылшаңға түсіп, талмай қызмет істейді. Совдепті құрады. Алашорда өкіметі мен Колчакқа қарсы күрес ашады. Содан 1918 жылы 3 июнь күні абақтыға түседі. Повесте патша өкіметі жәндеттерінің жалынды революционерге көрсеткен ауыр азаптары суреттеледі.

Сәкеннің кейпі жағымды, нанымды түрде бейнеленеді. Бірінші кітаптың соңы осымен бітеді.

Сәйдіп Талжанов.

«ШЫҚ ЕТЕР»

Міне дала,
Бір топ бала,
Жүгіреді айнала.

Екі ауылдың арасындағы тақыршақтың басынан балалар арылмады, асық ойнап жүр. Бір топ бала кенейлерін ортаға қаз-қатар тігіп қойып, жүрелей отыра қалып, сақаларын соғыстырды. Бәрі де бастарын тұғжытып, итін қалыпты. Үйме-жүйме қақтығысып, бірін бірі итермелеп, қозғала береді.

Ішіндегі ересек біреуі барлық сақаны уыс-тай ұстап, тақыршақтың үстіне сау еткізіп

төге салды. Сақалар сытырлай соқтығысып, домалай шашылды. Бір тәйпек сары сақа алшысынан тұрып «күле» қалғанда, ақ көйлекті, топ тақиялы, кең танау, тапал, қара бала орнынан ұшып түрегелді. Қазіргі ойынның мұрындығы осы тапал қара болды. Ол он қадамдай оқшау шықты. Сол жерден кенейлерді көздеп атпақ. «Шық етер» ойыны осылай басталды.

Бірінің соңынан бірі тізіліп тұр. Әркім өз ретімен атпақ. Көйлектері өрім-өрім, денелері жылтылдап көрініп жүрген де бала бар. Іш киімінің ауы салбырап, ышқыры суси бе-

ретін мықынсыздар да жүр, оны елең қылған біреуі жоқ, бәрінің ойы ұтуда.

Оң қолымен сақасын шиыра бұлтақтатып, сол қолымен ышқырын бір көтеріп қойды да, әлгі тапал қара сол аяғын жүрелей басты. Оң аяғын кейін серпе тастап, еңкейіп ұмтыла тұрды. Сол көзін жұмып, көздеп атқалы жатыр. Сертті минут тұды. Сол кезде шиырып тұрған тәйпек сары сақасы қолынан суып ұшып кетті. Сасқалақтап «мұлт өзім» деді тапал қара, дер кезінде айтты, әрине, қайта атуға еркі бар. «Мұлт өзім» дей алмаса, кезегі салауат, еңбегі еш болар еді.

Енді тапал қара тәйпек сарыны сырғаната жіберді. Сақасы «шық етіп» кенейдің біреуіне барып тиді. Тапал қараның жолы болды, бәріне де «көйт» салды. Қалған балалар енді атпады, тақыршаққа қайта келіп, кенейлерді қатарлап, түзетіп тігіп қойды да, сақаларды жинап алып тағы соғыстырды.

Әлгі «көйт» салған тапал қара енді тигізсе ұтады. Бірақ олай болмады, бәсекеге түскен балалардан сақалар да қалыспады, олар да бәсекеге түсті. Осы жолы май табан қызыл сақа тәйкесінен тұрып, табанын жалтыратты. Имек мұрын, талдырмаш, сары бала мұрнын бір тартып орнынан тұрды. Екінші ойынның көсемі — осы имек мұрын. Бұл бала асығып атты да, сақасы ауыт кетті.

— Мұлт өзім, — деді имек мұрын, әлден уақыттан кейін.

— Жоқ, кеш қалдың, — деді тапал қара.

Имек мұрын, сары — Төребек байдың Салқамы, ерке өскен шалдуар, шыбық ти-

мей шыңқ өтердің өзі еді. Кәкен болыстың Ақайы тапал қара да ерегіссе болмаушы еді, кимелеп келе жатыр. Құлағына дейін қызарып кеткен Салқам Ақайдың шекесіне жұдырығын жұмсады. Ақай оң тізесімен өңменінен тепкенде, Салқам шалқасынан түсті. Бір бала келіп Ақайды көк желкеден періп жіберді. Ақай барып Салқамның үстіне омақаса құлады. Тырнақ та, тіс те қатар қызмет істеді. Бірін-бірі кезек аударысып, тырбаңдасып жатыр. Осы кезде Сәкен жүгіріп келіп Ақайды арашалады. Сақалары күліп, сайтаны өскен екеуіне де ызалы еді. Ойынды бұзғандығын сылтау етіп, кеуделеріне нұқып, кейін шегіндірді. Салқамның мұрны қанап, Ақайдың құлағы сыдырылып, майы шығып тұр.

— Енді қоймасаңдар, екеуіңді де қан қақсатам, — деді Сәкен, танауы делбеңдеп, көздері құйқылжып кетті.

— Салқам, сен сасқалақтап жүріп сақаңнан айырылдың, «мұлт өзімді» кеш айттың, бұған кім айыпты? Өз айыбыңды мойныңа неге алмайсың? Ақайдың әкесінің аузын боқтап, төбелесті бастаған сен. — дей бергенде Сәкеннің сөзін қошаметтеп:

— Бәсе десейші, бәлем тоқтай тұр, көкеме айтып сені әкеңе көрістірем, — деді Ақай. Болыстың баласы әкесін арқаланып, күш көрсетті.

— Ақай, сен неге іштен тебесің? Солай істемесең желкеңнен жұдырық тиіп, етпетіңнен құламас едің ғой. — деп Сәкен тұтығып қалды. Көк желкеден ұрған өзім едім демесе де аңғартып өтті. Екі иығынан демін алып, тістенісіп, айбат шеккен екі жаралы да ортасында тұрған түсі суық мына Сәкеннен сескеніп, жым болды. Лып етіп көрінген қуаныш, ілезде ренішпен бітті де, Салқам мұрнын жеңімен сүртіп, теріс айналды. Оның соңынан атқан екінші баланың жұлдызы оңынан туды.

Сөйтіп, бәрі кезек-кезек біріне-бірі «көйт» салып табан тіреске түсті, міне ойын қызды.

Қызараңдасып, дуылдасып жатыр. Сақаларды соғыстыруға таласып, қидаласып, қиқылдасып қалды. Жалғыз-ақ «көк қошқары» күлмеген Сәкен ішінен тынып, булығып жүр.

Әр бала өз сақасына ат қойып алады: тәйпек сары, май табан, сетік қара, сергек сары, көк қошқар деп атайды. Солардың тілеуін тілейді.

Ішіне қорғасын құйып, шіге жағындағы шұңғылына са-



ғыз жапсырып, қорғасынын жасырып қоятын да сақалар бар. Бұлардың алшысы мен тәйкесін егеп жәйпитіп тастайды, сонда көлденеңі мен ұзыны бірдей домалақ сақа салмақты да, күлгіш те келеді.

Бүгін Сәкен «көк қошқармен» ойнады. «Көк қошқар» күлмейтін сақа, күйреп ұтылды. Танауы тершіп, қызара бөртті. Кенейлері атарда тізбектің ең артында тұрды. Амалче, «көк қошқар» күлмейді.

Былыр құрбан айтында Кәкен үйі бір шартық көк қошқарды құдайыға шалған. Шарифатты жатқа соғатын «Ағаш аяқ» молда жиылған жұртқа ұжмақтың жайын айтып, сырат көпірден қалай өтудің әдісін үйрете келіп, айтқа шалған көк қошқардың көп көмегі тиетінін рәуәятпен түсіндірді. Сонымен Кәкен болыс қыл көпірде көмегі тиетін шартық көк қошқарды құрбанға шалды.

Міне, сол көк қошқар өліп жатып, болыс Кәкенге ақыретте қолының ұшын бермек, бірақ мына кішкентай Сәкенге қырсығын тигізді. Қанша соғыстырса да бір күлмеді, ылғи не бүге, не шіге түсуден танбады.

Күн намаздыгерден еңкейіп батуға айналды. Балалар жүгірсе көлеңкесі ербеңдеп жарыса жөнеледі. Өздерінен көлеңкесі сұңғақ.

Бұлардың асығын ұтып алып, бір топ баланы соңына ертіп, Ақай өз ауылына қарай беттеді. Сәкен тұрған тақыршақтың басы құлазып бос қалды.

Екі беті албырап, қып-қызыл болып, көздері ұшқын шашып, ерні кезеріп, танауы делбеңдеп кеткен Сәкен құлашын кере сермеп «көк қошқарды» айдалаға лақтырып жіберді. «Құдайың, молдаң, шартық қошқарың — бәрің бірік те, бергендеріңді өздерің-ақ ал!» — деді ішінен.

«Көк қошқардан» өшін алғандай болды. Көңлі көншіп, ашудан айығып, енді серги бастады.

«ТЕМ-ТЕМ-ТЕМ ШЫҒАР»

«Өңкей бала екі ұдай боп,
Намыс үшін дауласқан,
Көк алуға тегіс сай боп,
Жасақ құрып жауласқан».

Жаман көлдің жиегі. Ауыл жиі қонған. Екі қанат итарқа, төрт қанат лашық жапырайған жаппалы ауыл. Ақшам жамырап барады. Бозғыл аспан мөлдірей көгеріп, қарауыта берді. Сәлден кейін шытыралап меруерт сепкендей болды. Біреуі жыпылықтап көзін қысады, біреуі жылт ете түсіп, сумаңдап аға жөнеледі. Аспанды сызып жорғалаған оқ жыландай. Матаған қысырақтың үйіріндей



болып алты жұлдыз топтана қалды. Жерден найза бойы-ақ көтерілген екен. Бұл үркер ғой. Алдыңғы төртеуі текшеленіп, соңғы үшеуі созыла тізілген жеті жұлдыз жұбын жазбайды. Аспанда, сонау қол жетпес алыста тұрған бұзау тұмсық ожау тәрізді. Бұл — жеті қарақшы. Маңдайшаға шақырайып шыққан жалғыз жарық бедірейе қарайды. Жүзіктің көзіне орнатқан асыл тастай жылтырап көрінеді. Бұл — темір қазық. Адастырмайтын жолбасшы, орнынан қозғалмайтын тиянақты жұлдыз.

Ай туып келеді. Дөп-дөңгелек аспанның беті тағы бозара бастады, жұлдыздар ыдырағандай, азайып сирегендей болды.

Екі ауылдың арасында арбасқан, екі топ біріне-бірі қарсы тұра қалды, ай сүттей жарық. Бір топтың басшысы Сәкен, екінші топтың басшысы Ақай. Екеуі де басшыларын ортаға алып, білектерінен қапсыра ұстасып, шеп құрып, жұбын жазбай сіресті....

Сәкен қанын ішіне тартты, қабағы суып кетті. Үні ышқына шықты.

— Елмісің, жаумысың?! — деді.

— Жаумын, кезек менікі! — деген Ақайдың добал дыбысы қырылдап шықты.

— Кезегіңді ал! — деді де, Сәкен екі қанатына кезек-кезек бұрылып, «мықты болыңдар, аянбай қимылдап, қолға түсіру керек, әсіресе Ақайды босатпай, тұтқынға алу керек!» — деді Сәкен. Сыбырлап айтты.

«Тем шығар» ойының үйреншікті тақпағын Ақай заулата жөнелді. Кезек соныкі ғой.

Тем-тем-тем шығар,
Тебінгіден қан шығар!
Қарағайлы бас қайрылар,
Жаудан жылқы айрылар,
Ақ шелек пен тоқ шелек,
Шықсын бері жекпе-жек,

Анау тұрған Сәкен-иттің өзі-ақ керек! — дей бергенде, өз тобынан Сәкен суырыла жүгірді, Ақай шебінің осалдау жерінен килігуге бет алды, шеткі кішіректеу үш баланы үлкен топтан қақ жарып бөліп әкетті, өзі екпінімен өте шықты да, қайта оралып, топтан таңдап бір баланы алдына салып айдап келді. Сәкен тобы көбейді. Сайыс енді қызды.

Алқынып келіп өз орнына тұра қалды да, талайы жоғарылаған Сәкеннің дыбысы өктем көтеріліп, қоңыраудай сылдырады.

— Ақай, сен білмейді екенсің, «Тем шығар» олай емес, дұрысын үйреніп ал, мен айтайын:

— Тем-тем-тем шығар,
Тебінгіден қан шығар!
Қараға ел басы қайрылар,
Қайғыдан жұрт айрылар,
Айгөлек-ау, айгөлек,
Айдың көзі дөңгелек,
Көнек, шелек не керек?
Шықшы бері жекпе-жек!
Жақындашы берірек,
Сорлы Ақай-ау, сен керек!.. деді.

Бұрынғы «тем шығар» тақпағын Сәкен мүлде өзгертіп айтты. Өлең болып шықты.

Далбалаңдап дорба ауыз Ақай тура Сәкенге беттеді. Намысқа шапқан келелі сайыс енді басталды. Анадан туып, көзін тырнап ашқаннан бері өмір теперішін көп көрген, әбден қара қайыс болып қатып қалған күсті білектер бірінен бірі ажырамады. Ақай ықтиярсыз қолға түсті. Қолбасы қамалға түскенде қалған нөкерлері қолдарын көтеріп сауға сұрады. Жеңілген топ айып төледі. Кешегі ұтылған асықтың қаруы қайтты. Бітеу жараның аузы әлі ашылған жоқ, осы «тем шығар» әркімнің жүрегінде әртүрлі із қалдырды. Күле білмейтін «Көк Қошқар» Сәкеннің де есінен кетпеді. Соның кемшілігін іздеді, ақырында тапты. Әңгіме асықта емес, иесінде екен... Көктемде қораның төбесіне апарып, қордаға көміп кеткен көп асығын Сәкен өзі қазып алды. Жылы қорданың арасында майы сыртына теуіп сар табыт болып жатқан, салмақты, сары сақалар шыға, шыға келді, шиырып, салмақтап көріп, оңқай бір дәу сарыны Сәкен таңдап алды. Қиындықты басынан көп кешіріп, зарығып қосылғандай болды. «Бәлем тұра тұр!...» — деп күбірледі өзіне өзі... «Қашып кетер» деген кісіше «дәу сарыны» уыстай ұстап, басқа асықтарын етегіне салып алып үйіне қайтты. «Сары табаным», «май табаным» дей берді Сәкен. «Дәу сарының» тәйке жақ құйрығында, белбасарында дөңес бар, бұл дөңестер «күлуіне» кедергі жасайды, алшы тұрғызбайды, ал алшы бетінде бұраңдаған бедерлі сай, осыны құрту керек, бұл тәйке түсірмейді.

Сары кездікпен Сәкен осы асықты екі күн жонып, шелін сыдырған терідей жалаңаштады, жал-құйрығын сүзген, бауырынан жараған бәйгі кер-көжектің өзі болды. Әлекедей жалаңдап, сымпып шыға келді. Сақа күлгіш болды, бірақ жеңілденіп қалды. Ауырлату керек.


Шіге бетін тесіп, қорғасын құйды, оны жасыру үшін құм қосқан қара сағыз жапсырды, сай-саланың бәрін түгел бітеп тастады. «Дәу сары» — иіріп жіберсең қаздия қалатын «майтабан» атанды.

Маңдайына «майтабан» біткелі бала Сәкен асықтан ұтылған емес.

(Жалғасы бар).



ЖОРЫҚТА ЖАЗҒАНДАРДАН



Черкасск қорғанысына қатынасқан
қарт партизан С. А. Харченко.

1 июль.

Күндегіден ерте тұрып, асығыс тамақтандым. Рюкзатимді иығымға асып, аудандық пионерлер үйіне келдім. Мұнда алыс колхоздардағы мектептерден келген бір топ пионерлерге қосылдым. Біразымен таныса бастадым. Дәл осы кезде жорық бастығы:

— Құрметті пионерлер, туристік жорықтарыңның басталуымен құттықтаймын сендерді! Жорық маршруты — ақ бандыларға қарсы күресте ерлікпен қорғанып, тарих шежіресіне жазылған Черкасскі бекінісі, — деп хабарлады.

3 июль.

Лепсіден шыққанымызға екі күн болды. Күн ыстық. Көк жиекте мұнарланған сағымдар жасыл желек жамылып, жарыса жатқан ойпаңдар мен жоталарға ұласады. Кең далада өскен алуан түсті, жұпар иісті гүлдер құрметті қонақтарға төселген түсті кілемдей болып құлпырады. Осы кілем үстінде ақ лентадай созылған жол жатыр. Біз алдымызда жатқан көлденең жотаның үстіне шыққанда, Черкасскі селосы көрінді. Ол көз жетпес кең дала төсінде жайқалған егіс арасында екен. Еңбек даласында

ондаған тракторлар мен машиналар жүр. Селоға кіретін үлкен жолдың екі жағына қатарлай салынған әсем үйлер, көше бойына отырғызылған саялы жасыл бақтар селоға көрік беріп, сұлуландыра түскен. Біз селоға кіре бере, пионер әнін шырқадық. Мектептің жанына келгенде, қолдарында шоқ-шоқ гүлдері бар бір топ пионерлер бізді қарсы алды. Бұл — Черкасскі орта мектебінің оқушылары екен.

4 июль.

Біз тамақтанып болған кезде Черкасскі орта мектебінің директоры Муравьев жолдас келді де:

— Қорғаныс тарихымен танысу үшін кітапханаға баралық, — деді.

Біз келістік.

Кітапхана селоның ортасына орналасыпты. Кең бөлменің оң жақтағы қабырғасында қорғанның картасы ілулі тұр. Ондағы шартты белгілер партизандар шабуылын, бекістер мен байланыс жолдарын көрсетеді екен. Оның әрбір нүктесін көрсеткен сайын кітапхана меңгерушісі азаттық үшін алысқан ардагерлердің ерліктерін баяндады. Солардың бірі Өтеулі Темірбеков жайында кітапханашы былай деді:

— Оның партизан болуы да қызықты. — Бұл 1918 жылдың июль айы еді. Әр жерде отырған қазақ ауылына: «Семейден атаман Анненковтың қолы келеді. Олар мейірімсіз. Су орнына қан ішеді, мал-мүлікті аяусыз талайды, жазықсыз ананы, тілі шықпаған жас сәбиді азаптайды екен, — деген сумаңдаған суық сөз тарады. Ол әр үйдің ашылған есігімен бірге кіріп, көтерілген түндігімен бірге шықты. Осы сөз от басында отырған жас сәбиден бастап, қарт анаға дейін үрей салды. Сол көптің қатарында 60-қа келген ақ шашты анасынан басқа сүйенері жоқ, жастайынан Дәулетбай деген байдың қозысын бағып зыр жүгірген Өтеулі де бар еді. Ол Верный қаласынан көмекке келе жатқан қызылдар отрядын асыға күтті. Олар қазақ ауылына келісімен Өтеулі армия қатарына қосылды, қолына қару алды.

29 июль күні Мақаншы селосындағы тұрғындарды аяусыз қанаған капитан Виноградов бастаған ақ бандалар түн қараңғылығын жамылып тұтқиылдан шабу-

ыл жасады. Селоны азат етіп, Черкасскі қорғанындағыларға қосылды.

Арада 2—3 күн өткен соң, отряд командирі Петренко Өтеуліні шақырып алып:

— Сіз жер жағдайын жақсы білесіз, сондықтан жауапты жұмыс тапсыруды ұйғарып отырмыз. Бұған не дейсіз? — деп сұрады.

— Бұйрығыңыз орындалады, — деді ол командиріне.

— Онда өзіңнің туған аулыңа барасың, жақын жолдастарыңнан партизандар тобын құрасың, жарай ма?

— Мақұл.

Өтеулі сол күні туған ауылына келді, құлын-тайдай тебісіп, жастайынан бірге өскен жолдастарымен әңгімелесті. Бір апта болмай-ақ қайратты құрбыларынан екі атты әскерлер взводын ұйымдастырды. Біріншісін — өзі, екіншісін — Қасен Айтбаев деген досы басқарды. Қапал селосындағы қорғаныста жатқан қызылдармен астыртын байланыс жасады. Айырықша тапсырмалар алып, Ақсу — Авакумовка — Сарқант селолары арқылы шабуылға шыққан ақ бандыларға аяусыз соққы берді. Өлім мен өмір үшін болған арпалыстарда Өтеулінің аяулы достарының бірсыпырасы жау қолынан ерлікпен қаза тапты.

Біз ұйып тыңдадық. Кітапханашы сөзін аяқтаған соң, шын ықыласпен рахмет айттық.

20 июль.

Село тарихымен танысканымызға біраз күн болды. Осы уақыттардың ішінде окоптар мен траншеяларда, жер астындағы байланыс жолдарды көрдік, көптеген қарт партизандармен кездесіп, абзал құрбылары, қарулас достары туралы естеліктерін жазып алдық. Покатыловка селосында тұратын қарт партизан С. А. Харченко жолдас пушканы жасаған Черкасскі селосының ұстасы Д. С. Жуков туралы есте қалғандарын жазып берді. Ол мынау:

«Қорғанып жатқанымызға бірнеше уақыт болған. Бір күні темір ұстасы Д. С. Жуков пушка жасайтындығын айтты.

— Неден? — деп сұрадық біз. Ол қасқа маңдайын алақанымен сүйеп отырды да:

— Ағаш пен темірден. — деді.

Отырғандардың арасынан:

— Болмайтын іске уақытты бекер жі-

бермейік, — деген дауыстар естілді. Бірақ, Данил Семенович пушка жасайтындығын тағы да нықтап айтты да, ашуланған бойы бөлмеден шығып кетті.

Бірнеше күн өткеннен кейін пушканы сынадық. Жоғары баға алды. Жаңа пушкадан атылған снарядтар жаудың ұясын талқандады.


Осыдан кейін ақ бандылар арасында «көмек алса керек» деген үрейлі пікір тарады. Іс біздің пайдамызға шешілді...

30 июль.


Бүгін соңғы күн. Сағат кешкі алтыда Черкасскі селосына қайтадан жиналды. Партизан аталарымызбен бірге П. Н. Тузовтың ескерткішіне келдік. Біздің бақытымыз үшін күрескен ардақты атамизды үнсіз тұрып еске түсірдік. Соңынан В. В. Баранов пен Копенкин жолдастар қырағы коммунистің ақ бандылардың қолынан қайтыс болғандығын, революцияның жаршысы екендігін айтты. Қарт партизандардың әңгімесінен кейін ескерткішке гүл шоқтарын қойдық. Біздің бақытымыз үшін күрескен аға-апаларымыздың есімдерін ұмытпауға уәде бердік. Соңынан концерт қойып, революциялық әндерді орындадық. Осымен бір айға созылған туристік жорығымыз да аяқталды.

Есберген Естаев.

Лепсі селосы, Бөрлітөбе ауданы.



Партизан отрядының саяси басшысы П. Н. Тузовқа арналған Черкасск селосындағы ескерткіш.



Кішкентай жердегі Кішкентай

Әңгіме

Түскі тамақтың кезінде үйіне келген Мария Филипповна есігінің табалдырығынан ішке қарай аттай бере, қарсы алдынан шыққан үш бірдей қызына қуана айқай салды.

— Кәнекей, менің қолымдағы не нәрсе, табындаршы!

Сөйтті де, Мария Филипповна кішкентай ақ сумкасын жоғары көтерді; қыздар одан көз алмастан, қатып тұрып қалды.

— Ой! — деп кенеттен үлкен қызы Людмила дауыстап жіберді. — Мен білдім! Оның ішіндегі путевкалар!..

— Рас, — деп Мария Филипповна күліп жіберді.

— Ә, кімге? — деп сұрады ең кенже қызы Люба.

— Осы үшеуіне түгел, — деп Мария Филипповна қуана жауап берді. — Людаға — пионер лагеріне, ал Зоя мен саған — балалар санаторийіне. Ертең жүресіңдер.

Людмиланың жүзінен әлде қандай бір адал қамқорлықтың белгісі сезілді, ал кішкентай сінділері болса, алақандарын шапақтап, қарлығашша шықылықтап, шешелерінің маңында:

— Апажан, көрсетші! — деп секіріп жүр.

Олар путевкаларын көпке шейін қолдарынан түсірмей, онда жазылған жазудың бәрін түгел оқып шықты.

Түстен кейін, Мария Филипповна қайтадан жұмысына кеткен соң, апалы-сінділі үш қыз жолға әзірлене бастады. Әзірленіп жүріп, өздері бірін-бірі қалжындап, әзілдесіп әбден күлкіге батты! Ақыры өздерінің қаланың шаңынан құтылып, қош иісті, саялы орманға, көкорай шалғынға, салқын сулы бұлаққа баратындарына қыздар қатты қуанды.

Өзінің рюкзакін реттеп, одан соң екі сіндісінің кішкентай чемодандарын қарап шықты да, Людмила киім салатын шкафтағы

өзінің сөресінен кішкентай бір түйіншекті алып шықты.

— Көріндерші! — деді ол өзінің сінділеріне алдарына ақ жібекті жайып салып.

— Апама кофтаға пішкен мата ғой! — деп дауыстап жіберді Люба таң қалғаннан.

— Тіпті, өзі дайын тұр ғой! — деп таңданды Зоя.

— Сен мұны қашан бітірдің?

— Бұрнағы күні ғана, — деп жауап берді Людмила. — Ал сендердікі ше?

Қыздар шкафтағы өз сөрелеріне тұра ұмтылды. Апасының столына арнап Зояның әр түсті, жуан да әдемі, жібек жіптен тоқыған кіші-гірім дастарқаны да дайын бітіп тұр екен.

— Жалғыз-ақ менікі ғана біткен жоқ, — деп өкінді Люба.

Жиек-жиегі мен ортасы кестеленген ақ салфетка, осыны айтқанда, оның қолында дірілдеп тұрды. Бұл салфетке апасының столына жабатын Зояның дастарқанының үстіне қойылмақшы еді. Салфетканың жиектері әлі де шілтерленіп, көмкерілмеген де екен.

— Жарайды, жылама, — деді Людмила жұбатып. — Әкел бері, мен оны қазір-ақ бітіріп берейін.

— Жоқ, жоқ! — деп Люба оған көнбеді. — Мен өзім!..

— Жарайды, ендеше, деп Людмила басын изеді... — Мен тек жіптерін суырайын. Ал, сендер өздеріңнің сөрелеріңді жақсылап жинап қойыңдар.

Ісін істей отырып, Людмила біртүрлі қамқорлықпен:

— Апам путевкаларды көрсеткен кезде-ақ, менің есіме алдымен түскені: сыйлықтар болды, — деді. Апамның туған күнінде оны кім құттықтайды? Енді бір жетіден соң апам-



нын тойы ғой. Ойлап, ойлап, ештеңе ақыл таба алмадым... Сыйлықтарымызды көрші апайдың үйіне тастап кетсек пе екен? Бірақ, ол ұмытып та кетуі, яки базарға кетіп қалуы да мүмкін, ал апам болса, жұмыста жүреді. Әлде оған ертең сыйласақ па екен? Онда қызығы болмайды...

— Ендеше өзіміз ала кетейік, артынан почтамен жіберерміз,— деді Зоя.

— Онда тіпті жаман болады,— деп Людмила оны құптамағандай басын шайқады.— Жібергеніміз дер кезінде келіп жете қоя ма?..

— Ә, біз Валя апайға айтамыз,— деп қосарланды Люба.— Апам жұмысқа келісімен, сыйлықтарымызды оған бере ғой дейміз!..

— Жоқ, болмайды,— деп Людмила тағы қарсылық етті.— Апам әрдайым ұйқыдан ояғанда, біз сыйлығымызды алып, құттықтап оған жүгіріп баратынбыз, көрпесін ашып, қойнына кіріп кететінбіз... Ал, енді жалғыз қалғалы отыр, ол бұрынғыдан бетер көңілсіз күйге түседі...

— Міне, егерде ғой, әкем тірі болса,...— деп күбірледі Люба.

Қыздар қайғырып, біраз уақыт үнсіз отырды. Кенет Зоя қолын шапалақтап:

— Ой, мен таптым! — деді.

Зояның жоспары апасы мен сіңлісіне ұнай кетті.

* * *

Өзінің туған күні, Мария Филипповна күндегі әдетінше, танертен ерте оянды. Үлкен үйдің іші қанырап бос қалғандай, тым-тырыс. Сағаттың бір қалыпты сырт-сырт соғысы мен ас үйдегі әлдеқандай бір су тамшысы осы меніреу тыныштықты одан бетер айқындай түседі. Әлде бір қайғы толқыны Мария Филипповнаның жүрегіне топ боп тұра қалды. Көзінен екі ірі тамшы төмен қарай сорғалай жөнелді.

— Тұру керек,— деді Мария Филипповна өзінен-өзі дауыстап,— жата берсем, көңілім босайтын түрі бар, несі жақсы оның.

Ол бұдан кейін түрегеліп, әдеттегісінше кешегі күнгі календарьдың бетін жыртып алды, сол-ақ екен... күтпеген жерден айқай салды. «Апажан! Сені туған күнімен құттықтаймын!» — деген сөз қызыл қарындашпен жазылыпты; одан төменде сиямен, «Аш»... деген ұсақ жазу тұр,— ал сыртқы бетінде: «...Зояның тумбочкасын. Кілті столдың оң жақ тартпасында» делініпті.

Мария Филипповна әрі күліп, әрі жылап жіберді. Ол өз қыздарының таныс та сүйкімді, тәтті үндерін естігендей болды.



— Рахмет, көгершіндерім!... деп күбірледі ол.

Тумбочканы ашып еді, ішінен қыздарының сыйлықтары, құттықтаған, игі тілек білдірген хаттары шықты. Мария Филипповна қадірлі хатты құшырлана сүйіп, сыйлықтарға үнілді. Сол сәтте-ақ столын жаңа дастарқанмен жауып, оның үстіне салфетканы қойды. Столы жайнап кетті.

— Ал мынадан дереу кофта тігу керек,— деп ойлады ол.— Балапандарым үйге қайтар кезде, жаңа кофта киіп, алдарынан қарсы алам.

Жалғыздық деген ойына кіріп те шықпады. Мария Филипповна өзін бақыттымын деп санады. Қазір, өзінің туған күнін Людмиласы да, Зоясы да және кішкентай Любасы да өзімен бірге тойлап жүргендей көрді.

Александра Бандура,
мұғалима.

Шанышқы



ШЕГЕБЕК



«Жайып қойдым бидайды,
Жеп қоймасын қозы, лақ,
Тауықтардың мұндайда,
Аңдитыны осы жақ.»



Қарай отыр әзірше,
Суға барып келем»,— деп
Айтқан еді әжесі,
«Мақұл» деді Шегебек.



Отыр еді... Жанына
Қонды кеп бір көбелек.
Күзет қалып жайына,
Қуып берді Шегебек.

Әлиакпар Тілеубеков.

Қарағанды облысы,
Тельман ауданы,



VIII



Фестиваль!

Бұл сөз жанға жайлы, жүрекке жылы тиетін, сүйкімді де құрметті лебіз. Отанымыздың астанасы Москвада, оның кең аспанының аясында «Фестиваль» деп ән шырқап, бейбітшілік пен достық туын жоғары



Туысқан башқұрт халқының өкілдері де фестивалға қатысуда.

Суретте: Башқұрт филармониясының халық билері ансамблінің артисткалары Р. Хазеева (сол жақта) мен С. Кильдиярова.

ұстап, сайран салғанымызға, міне екі-ақ жыл өтті.

Алмалы Алатау асқарынан
Келеміз көңілді ән шырқап.
Күн сүйген қазақтың жастарынан
Сәлем ал, жалынды жас ұрпақ!

Өмір таңын,
Шаттық әнін,
Шырқандар, әлемге кел, жастар!
Махаббатпен,
Саптанатпен

Адымда алға бас, жолдастар!

Қызыл-жасыл барқыттан оқалы қамзол киіп, ақ жібектен көйлек киіп, бастарындағы тақияның үкілері желк-желк еткен қазақ қыздары ұлы астанада осылай бір шырқап ән салған. Бұл тәтті әннің лебізі москвалықтардың да, шетелдік бауырлас, ниеттес достардың да есінде. Москва фестивалі, оған қатысқан әр түсті, әр тілді, әр дінді жастардың бәрінің де жүрегінен өшпестей боп орын алған. Дүние жүзі жастарының әр тілде айтқан ұраны: «Бейбітшілік!», «Достық!» ұраны, олардың әр тілде салған әні: «Демократиялық жастар гимні» болды.

Фестиваль өтіп жатқан күннің бірінде, Москваның атақты Манеж алаңына жиналған жарты миллиондай халықтың айбынды ұраны кімнің есінде емес!! Олар сонда «қырғи қабақтық соғысқа» қарсы, атом бомбасына қарсы бейбітшілік ұранын, достық, ынтымақтастық ұранын көтерген.

Осы ұранмен, игі ниет, жақсы тілекпен тарасқан дүние жүзінің жастары өз туған елдеріне.

Жапон қызы Хисако Нагатаның сол жиналыста сөйлеген жалынды сөзі күні бүгінге дейін біздің құлағымыздан кетпейді. Американдық жандардың қоскөйлікпен тастаған атом бомбасынан талай жапондықтар қыр-

Фестиваль

ғын тапты. Талайлары атом ауруына шалдықты. Соның бірі жас жапон қызы Хисако Нагата еді.

— «Соғыс хаупін ойласам, менің тынышым кетеді, ұйқым келмейді. Сондағы бар ойым, бар тілегім, ешуақытта ешкім ешбіреуге атом бомбасын тастамаса екен деймін».

Иә, ол дәл осылай демеп пе еді. Сонда оның сөзін бәріміз де еткірей тұрып тыңдағанбыз. «Жасасын, бейбітшілік!», «Жасасын, дүние жүзі халықтарының достығы!», «Жойылсын соғыс!» деп кең аспанды жаңғырта айбынды ұран көтергенбіз.

1957 жылы, Москвада болып өткен Бүкіл Дүниежүзі жастары мен студенттерінің VI фестиваліне 131 елден 34 мың делегат қатынасқан. Ол фестиваль талай елдің жастарын бір-бірімен табыстырып, достастырды. Достық гүлі қазір шешек атып, жайқалып, жайнап келеді. Оны осы VII-фестиваль, Вена фестивалі қарсаңында айқын сездік. Москва фестивалінде танысып, достасып қайтқан жастар өзара хаттар да алысты.

Бүкілодақтық сырттан оқыту заң институтының студенткасы Лида Рыжова фестиваль қарсаңында өзінің Бразилиялық құрбысынан көптеген хаттар алды. «Бразилия, Сан-Пауло» деген белгісі бар хаттардан Лида талай-талай жылы сөздерді оқыды. Оның құрбысы Аделия Ферейро адвокат боп қызмет істейді. Ол өзінің соңғы хатында Бразилияның прогресшіл жастарының Совет жастарына деген сүйіспеншілігін, еліміздің жетіжылдық жоспары жөніндегі хабарларды олардың қуана қарсы алып, игі



Суретте: Африка жастары делегациясының мүшесі Мухамед Туре Сиди москвалық жастардың арасында.

тілек білдіретінін жазыпты. Аделия Венада өтетін VII-фестивальға қатысып, совет жастарымен кездесуді арман етеді екен.

VII-фестиваль!

Иә, бұған дейін алты рет фестиваль өтті. Алты рет дүние жүзінің бейбітшілік сүйгіш, прогресшіл жастары достық туын көтеріп, бейбітшілік ұрығын екті. Бухарест, Прага, Будапешт, Берлин, Варшава, соңғы жылы Москва — фестиваль қалалары атанды.

Енді, міне, Вена! Австрияның жүрегі— Вена! Атақты Гайданның, Моцарттың, Бетховеннің, Шуберттің, Штраустың Венасы! Солардың ұлы әндерін жер жүзіне таратқан Вена бүгінгі күні VII-фестивальдың қаласы болып отыр. Онда бүгін бейбітшілік тулары желбіреп, достық әндері шырқалуда. Венаның айбынды үні дүние жүзіне тарауда. Бүгін, Москва да, Лондон да, Париж де, Нью-Йорк та, Пекин де, Рим де, Берлин де, бәрі, бәрі де Венаға құлақ тігуде. Венада барлық

елдердің бейбітшілік сүйгіш жастарының ұлы тойы өтуде.

VII-фестивальға бүкіл елдердің прогресшіл жастары барынша дайындалды. Құрметті қонақтарды жақсы қарсы алуға әсіресе Вена жастары қызу әзірленді.

Біздің совет жастары да, әдеттегіше фестивальға үлгілі әзірліктермен барды. Совет жастарының әзірлігі туралы, бұдан екі-үш ай бұрын Москваға келіп қайтқан Вена магистратының кеңесшісі Ганг Мандль былай деді:

«— Иә. Соншалық зейін салатындай, фестивальды мен керемет іс деп ойламап едім. Тіпті, сіздерде барлық қалалар мен селоларда болсын, республикаларда болсын, фестивальға қатысу үшін, жаппай жарысуда екен. Сөйтіп, драмалық көркемөнерден, халықтық билерден, тағы басқаларынан жүлде алған озаттардың ішіндегі озаты таңдап алынады екен».

Рас. Дүниежүзі жастарының фестивалін еліміз әруақытта зор бағалайды. Совет Одағынан аттанған жастар делегациясындағы 800 адам кілең сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаз жастар. Олар дүниежүзі жастары мен Вена халқының алдында өздерінің сан салалы, озық өнерлерін көрсетеді. Совет өнерпаздары 20-дан астам ұлттық концерт береді, отыздан астам халықаралық концерттерге қатысады. Советтік қуыршақ театрының артистері Венада ойын қояды. Көрсететін кинофильмдеріміз қаншама!

Совет Одағының жастар делегациясының құрамында, сендердің жерлестерің — Қазақстан жастары да бар. Оның бірі Михаил Довжик. Михаил Довжикті білесіңдерме, ба-

лалар! Ол Ақмола облысы, Қима ауданындағы Ярослав совхозының трактор бригадасының бригадирі. Үлгілі істерінің арқасында оның бригадасы Коммунистік еңбек бригадасы деген құрметке ие болды. Михаилдың осы озат, коммунистік еңбек бригадасынан артта қалған бригадаға өз тілегімен барғанын да сендер естідіңдер. Ол әрине, бұл бригаданы да озат бригадалардың қатарына қосады. Ол Венада кездескен шетелдік достарға өз Отаны туралы, жетіжылдық жоспар туралы, Қазақстанның тың алқабы, мол астығы туралы әңгімелер айтып береді. Әсіресе, ол өз бригадасының балалар үйіне қандай қамқорлық жасағанын айтқанда, шетелдік жастар қалайша сүйсінбес екен!

Венада олар көретін қызықтар да сан алуан.

26 июль... Бұл күні олар Вена стадионында фестивальдың салтанатпен ашылуына қатысты. Ұлы композитор Иоганн Штраустың әйгілі «Көгілдір Дунай» вальсін ұйып тыңдады.

Фестивальдың 10 күні олардың есінде мәңгі қалады. Олар өздерінің көрген, білген талай қызықтарын ертең-ақ бізге айтып береді. Ең алдымен, олар бізге шетелдік жастардың достық ниетін, игі тілегін, ыстық сүйіспендігін әкеп жеткізеді. Ол достықты біз кіршіксіз, таза сақтаймыз!

** Жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік фестивалдарын шақыруды ұйымдастырушы ұйымдар: демократиялық жастардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясы мен студенттердің халықаралық одағы болып табылады.

** Демократиялық жастардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының қатарында жер шарының 97 елінен 85 миллион жігіттер мен қыздар бар. Ал, студенттердің Халықаралық одағының құрамында 70 елден 6 миллион студенттер бар.

** Венада өтетін жастар мен студенттердің VII фестиваліне 15—16 мыңға таяу делегат қатысады. Африкадан — 2200 делегат, Азиядан — 1500, Латын Америкасынан — 1400 адам қатынасады.

** VII фестивальға Халықаралық әзірлік комитеті мүшелерінің ішінде Совет Одағы жастар ұйымдары Комитетінің председателі С. Романовский, балерина Г. Уланова, композитор Д. Шостакович, академик, Нобель сыйлығының лауреаты Н. Семенов, спорт шебері В. Чукарин жолдастар болды.

** Вена Фестивалінің 10 күні ішінде 400-ден астам концерт қойылады.

** Венадағы жастық мейрамына дүние жүзінің барлық елдерінен жастардың 1200 ұйымдары қатынасады.

** Фестивальда волейбол, баскетбол, футбол, жеңіл атлетика, классикалық күрес, суға жүзу, теннис, тағы басқа спорт түрлерінен жарыстар өткізіледі. Бұл жарыстарға 60 елдің таңдаулы спортшылары қатынасады.

ЖАС ТАЛАПКЕРЛЕР ТВОРЧЕСТВОСЫ

КӘМПИТ

Апам күнде мені ертіп,
Дүкен жаққа барады.
Одан көп, көп, көп етіп...
Кәмпит сатып алады.

Бірақ алып жүруге
Маған оны бермейді,—
«Қалдырмай бұл бірін де,
Жеп қояр» деп сенбейді.

Оразбек СӘРСЕНБАЕВ.
КазГУ-дың студенті.

ӘДІЛ БАҒА

— Мә, Бижамал,
Қалам, қағаз.
Сурет сал,
Атыңды жаз,—

Десең болды,
Қиналмайды,
Оңды-солды,
Шимайлайды.

Иректелті,
Барлық бетті.
Салып бітті,
Суретті.

Мәз боп тіпті,
Күлімдейді.
— Қалай шықты,
Мұным дейді.

Әділ баға,
Бермекшімін;
Ұясы деп
Өрмекшінің.

Ескермес СКЕНДІРОВ.
ҚазПИ-дің студенті.

СОТҚАРЛЫҚТЫҢ САЛДАРЫ

Мойнымызда галстук
Күш сынастық алыстық.
Келе-келе кей күні
Төбелесіп қалыстық.

Ұзын жолда жарыстық
Машинаға жабыстық.
Ақырында екеуміз
Дәрігерде табыстық.

Сотқарлықтың салдары
Бізді жаман алдады.
Балаларға мектепте
Қарайтын бет қалмады.

Бостан АҚҚОЖАЕВ.

МЕН БАЛЫҚШЫ

Жолдас болып Салыққа,
Барып едім балыққа.
Ақтабан мен май шабақ
Берді маған көп сабақ.

Қармағыммен ойнады,
Жемімді жеп қоймады.
Қалытқымды батырды,
Бірақ мені қатырды.

Жайлап тартып сағаға
Сып еткіздім жағаға.
Тағы ұятқа қалдырды —
Алып шықтым балдырды.
* * *

Көлдің ойнап сазаны,
Маса да алды мазаны.
Шаққан жерін ісірді,
Әбігерге түсірді.

Түк ұстамай кеш болды,
Бар еңбегім еш болды.
Жеңіл ғой тек айтуға,
Ұялым құр қайтуға.

— Ұстадың ғой өндіріп,—
Деп Салықты көндіріп,
Бір балыққа салмақты
Ауыстырдым кармақты!

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ.

ДАЛАДАҒЫ ЖАУЫН

Жонынан от жүргендей,
Бұлт сөгілді шартылдап;
Күн қойнына кіргендей,
Жарқ етті бұл атырап.

Жалғыз басын қорғалап,
Шошып кетті кесіртке;
Аласұрып жорғалап,
Жасырынды кесекке.

Қонды гүлге көбелек,
Жалпылдайды сасқанда;
Қанаттарын жебелеп,
Боз торғай тұр аспанда.

Жауын жауды сатырлап
Шомылдырып көгалды.
Тұна қалды атырап,
Боз торғай да демалды.

Ырғалды көп жапырақ,
Желге билеп тұрғандай;
Жауын жауса жапырлап,
Ду шапалақ ұрғандай!

Әдібай ТАБЫЛДИЕВ.

НАЙЗАҒАЙ

Күндегідей сыртта электр жанбады,
Тас қараңғы үйдің алды, жан-жағы.
— Қорқам аға, шығаршы,— деп,—
далаға.

Інім менің қыр соңымнан қалмады.

Шықтым тысқа інімді мен жетелеп,
Бұлтты аспан бейне қара текемет.
Осы сәтте жалтылдады найзағай,
Тас төбеңнен түсетіндей төтелеп.

Сонда інім сәл ренжіп қиналып,
Деді маған: — сенді неге бір жанып.
Электр деп ойлады ма кім білсін,
Найзағайдың оты екенін бұл жарық.

Смат Қабылбаев.

Ақтөбе облысы.

Киримизе Жанә.

Адыгей ақыны.

МЕНИҢ САМСАМ

Қамырды мен жайып ап,
Дөңгелентіп иемін.
Самсаларды дайындап,
Пісіруді сүйемін.

Табаға олар түскен соң,
Асты да үсті самсаның
Қып-қызыл боп піскен соң,
Көреді де тамсанып:
«Дәмді-ақ екен сонша,
Сен пісірген самса!» —
Дейді апам мақтап.
Қуаныш бұл қанша!

Әжемді де апамды
Самсаменен сыйлаймын.
Сыйлаймын мен папамды,
Ағамды да қимаймын.

Көршілерге мақтанам,
Итіме де «көр» — деймін.
Мысығым тек қана
Бір үзім де бермеймін.
Аямас ем мен мүлде,
Сұрақсыз-ақ ол пасық
Өз үлесін әлгінде
Кетіп қалған ап қашып.

Аударған

Жәнібек КӘРБОЗИН.



«Қоян қандай әдемі» — дейді Света.

Ақ басты Алатаудың иығынан асып, алтын күннің айдары көріне бастағанда ақ «тұр, тұр, тұрыңдар!» дегендей, горн үні тау шатқалдарын қуалап, сонау алыс шыңдарға барып сіңіп жатты.

Горн үнімен бірге лагерь ауласы сыңғырлаған млат күлкіге толды. Таң самалы тербеген, қалың ағаштың жапырағы да сол дауысқа ілесе сыбырлап күлгендей болады.

Төсектерінен қарғып-қарғып тұрған балалар сүлгілерін белдеріне байлай салып, кең шатырдың ішінен жүгіріп шығып, қатарға тұрып жатыр. Азаматтық әуе флоты басқармасының қызметкерлері мен жұмысшыларының балаларына арналған пионер лагері дөп-дөңгелек дөңнің үстіне орналасқан. Етекте кең аңғарды гүрілдетіп ағып жатқан Алатаудың асау өзені. Биіктен қарағанда өзектегі ағып жатқан су емес, балқыған күміс секілді. Зарядкадан соң, төменге түскен балалар, өзен жағасына қаз-қатар тұрып, жуына бастады. Түнімен тау самалы аймаласа, тұрған соң тау суымен жуынсаң, қандай жақсы! Тыныс кеңейіп, денең сергіп сала береді!

Ира мен Лора жуынып жатып осылай қарай беттеген Светаны қастарына шақырып алды. Үшеуі қатар тұрып жуынды.

Светалар лагерьге екінші топта келді. Мұнда келгендеріне екінші күн. Ира мен Лора Светаны, Света Ира мен Лораны танымайтын. Үшеуі бір мектептен емес еді. Мұнда келген соң, төсектері қатар болғандықтан тез-ақ танысты. Содан бері үшеуі бірге жүріп, бірге тұрады.

...Сембі күні түстен кейін Светаның мамасы келді. Келген бетте лагерьдің бастығы — Анна Ивановна Головлеваға барды. Танысып, Светаны сұрады.

— Ә, анау дөңгелек беттілеу, бұйығы қыз екен ғой. Білем, білем... Бізде Светалар бірнешеу. Кейде бірден ажырата да алмай қаламын,— деді Анна Ивановна. Света 1-отрядта, Отряд бағана жорыққа кеткен. Олар оралғанша лагерьмен танысыңыз.

Анна Ивановна мен Светаның мамасы аяндап, гүл алаңына келді. Жайнап тұрған әсем гүлдер арасында бір тал арам шөп жоқ — тап-таза. Одан әрірек дуалға таман жұдырықтай-жұдырықтай қып-қызыл помидорлар көз тартады. Көмпиіп-көмпиіп жатқан капусталар, әп-әдемі етіп түптелген картошкалар арасында ерекше ылтипатпен еңбек еткен балалар.

АЛАТАУ

— Бұл — III отряд. Огород күту кезегі бүгін осылардікі,— деді Анна Ивановна.

Лагерь ауласының екінші жағында, қалың ағаш саясындағы волейбол, баскетбол, турник, тенниске арналған алаңдарда отряд-отрядымен бөлініп ойнап жүрген балалар. Олар қызық ойын үстінде.

— Мынау — балалардың концерт қоятын, кино көрсететін сахнасы,— деді Анна Ивановна, үсті жабық шағын сахнаны көрсетіп.— Кеше 1-отряд концерт қойды. Сіздің қызыңыз әнді өте жақсы орындайды екен. Хор азербайжанның «Шөжелерім» деген әнін орындағанда, хорды бастаушы Света болды. Сіз мұнан былай Светаның осы қабілетін жетілдіре беріңіз.

— Үйде әлгі әнді ыңылдап айтып жүрші еді. Біз мән бермейтін едік. Мұнда келген соң, артист болып алған екен ғой,— деп күлді Светаның мамасы.

Бір кезде тау жақтан шырқалған ән естілді. Жорықтан қайтқандардың әні тау ішін жаңғыртып келеді. Ән бірте-бірте жа-



1—отряд гүл алаңында.

қындай берді де, қақпа алдына келгенде, бір-ақ тоқтады. Балалардың жүздері жарқын, қолдарында шоқ-шоқ тау гүлдері.

Света мамасын көре сала «Мама!» — деп тұра жүгіріп келіп, мамасының мойнынан құшақтай алды. Құшағын қысып-қысып қояды.

БАУРАЙЫНДА

«— Қалай, үйді сағындың ба?» — деді мамасы Светаның бетінен сүйді де.

— Сағындым.

— Келгеніңе бес-алты-ақ күн болды ғой.

— Маған көп-көп күн өткен сияқты. Мама, мыналар менің жолдастарым — Ира, Лора, — деді Света, басқалардан қалып қойып, бұлардың жанына келіп тұрған өзі теңдес сары шашты екі қызды көрсетіп. — Біздің төсегіміз қатар. Бірге жүреміз. Үшеуіміз қазір қоян өсіретін болдық. Көжектері қандай әдемі — аппақ. Гүл күтуге де қатыстық. Өне, анау гүлдерді өзіміз өсірдік. Өте әдемі, ә, мама! Лагерден қайтқанда мен сізге сол гүлдерден апарып бе-

ремін. Қазір үзуге болмайды.

Света келгелі көрген қызықтарын айтып тауысар емес. Мамасы оның сөзін бөліп:

— Сен «үйге кетемін» депсің ғой?! — деп сұрады.

— Иә, алғаш үйге кеткім келді. Сізді, папамды сағындым, мама!

— Енді қаласың ба, әлде менімен бірге үйге қайтасың ба?

— Осында қаламын. Мұнда өте жақсы, кейін Ира, Лора үшеуіміз бір-ақ қайтамыз, — деді Света жолдастарына қарап.

— Сөйтіндер. Папаң екеуіміз сені жолдастарыңмен үйде күтеміз. Жолдастарыңды қонаққа ертіп кел,

жарай ма? — деп мамасы, алып келген конфеттерін беріп еді, Света:

— Ой, мама, бізде мұның бәрі бар. Әне, алма деген, — деп алма ағаштардағы алмаларды көрсетті.

— Сендерде бар екенін білем. Сонда да жолдастарыңа бер. Арнап әкелген соң ал, — деп мамасы әкелген түйіншегін Светаға ұстатты.

Света, Лора, Ира үшеуі қол ұстасып алып, өз отрядтарына қарай жүгіріп кетті.

Ж. Сақпантаев.



Пионерлер балық аулауға да құмар.

Тігінші ТҮЛКІ

Ертегі

Халық «бөрі азығы жолда» дейді. Қасқыр тамағын жортуменен табады. Бір қасқыр әбден қартайып күші қайтады, бұрынғыдай жорта беруге аяғында әл жоқ, денесінде қуат жоқ бейшара халге түседі. Күнде тоя тамақ та жемейді. «Енді қалай күн көру керек, не істеу керек?» — деген ойлар кәрі қасқырды жиі-жиі азаптайды.



Бір күні қасқырдың ойына ертеде естіген бір әңгіме түседі. Ол әңгімеде осы сияқты бір кәрі қасқыр мал өрісіне жақын жерден ін қазып алып, көп жортпай тыныш өмір сүріпті дейтін еді, мен де соны істейін деді де, мал жайылатын бір өріске жақын жерден жаңа ін қазып алып, жол торуға кірісті. Алғашқы кезде оның амалы нәтижесіз де болған жоқ, — тойынды, қонайды, кекілі де көтерілді. Бірақ қыс жақындаған сайын күзгі түндердің кара суығы мен өкпек желі қасқырды тағы ойға қалдырды. Жортуылсыз бір жерде отырған ол мұздайтын болды.

Тон жымы болады дегенді естіген ол өзіне тон тіккізбек болды. «Үстіме тон кисем, жолды қанша ұзақ бақсам да, мұздамас

едім» деп ойлады. Енді тон тігетін тігінші іздеуге кірісті. Қасқыр аюға келіп, тон тігіп беруін өтінді, аю оған:

— Менің өз тонымның жылуы да жетеді және қатты суық түскен кезде ретсіз қанғып жүре беруді жаным сүймейді. Ол уақытта мен жымы үнгіріме кіріп аламын да, көктем



басталғанша ұзақ ұйқыға кетемін. Өзім тон тігіп көрген емеспін. Сен қоянға бар, — деді аю. — Бәрімізден тонын жиі ауыстыратын сол: қыста ақ тон киеді, жазда сұрғылт бешпет киеді, тон тігу соның қолынан келер.

Қасқыр қоянды іздеп, ұзақ жүрді, бірақ сак қояндар озбыр қасқырдың көзіне түсе қоймады. Кешке үйіне қайтқан жолында сазға соғып, тігіншіні құстардан іздемек бол-



ды. Сазға келіп, тырнаны көріп, тон тігіп беруін өтінді.

— Өзім тон тігіп көрген емеспін,— деді тырна...— Бізге тонның керегі де жоқ. Бұл жақта күз түсіп, күн суи бастаса, біз жылы оңтүстікке ұшып кетеміз.



Жолы болмай әбден шаршаған қасқыр үйіне бет бұрды, жолда іннің аузында отырған түлкіні көрді.

— Маған тон тігіп беру қолыңнан келмей ме, түлкі? — деді қасқыр.

— Ол не дегеніңіз, қасеке, сол да қиын болып па? — деп зыпылдады түлкі.

— Тон тігу үшін не керек?

— Әзірше алты қой алып келіңіз, қалғанын көре жатармыз,— деді түлкі. Қасқыр жатпай-тұрмай алты қойды жеткізді. Арада бірнеше күн өтті. Түлкі қойларды жеп жата берді. Бір күні қасқыр келді. Түлкі оған:

— Қасеке, екі жеңіңізге жетпей қалды, енді тағы екі қой алып келіңіз,— деді.

Қасқыр тағы кетті. Көп кешікпей екі қойды да жеткізді.

— Енді үш күннен кейін келсеңіз тоныңыз дайын болады,— деп үміттендірді түлкі қасқырды. Қасқыр уәделі күні келсе, түлкі іннің аузында жылап отыр.

— Ой, түлкім, не болды?! — дейді қасқыр.

Сонда түлкі:

— Тоңыңызды тігіп болып, қынамен

бояп кепсін деп, жайып қойып отыр едім, осында құрық сүйреткен атты кісі келіп, құрығымен сабап, өзімді інге қуып тықты да, тонды тартып алып кетті,— дейді. Қараса, жаңа жауған ақша қарда бір аттының ізі жосылып жатыр.

Қасқыр сол ізге түсіп, жүгіре жөнелді. Көп ұзамай құрық сүйреткен аттыны қуып жетті. Аттының үстінде судай жаңа қызыл тон.

Түлкінің өтірігіне әбден сенген аңқау қасқыр аттыны үзеңгісінен ала түсіп:

— Тоңымды бер! — деді.


Құрық сүйреткен кісі: «мына қасқыр әбден алжыған екен» — деді де, құрықты оның мойнына салып бұрап-бұрап жіберіп, қасқырды сүйреп, ізінше үйіне қайтты. Сөйтіп қасқыр қолға түсті. Ал түлкі тағы да тон кигісі келетін қасқырлар жоқ па екен деп сұрау салып жүрсе керек.

Б. Тайменкеев.



ГАНА

Жер шарының картасына қарасаң, тадай-талай ғажайып жерлермен, тұрмысы да, салты да, кәсібі де бөлек-бөлек алуан түрлі елдермен танысасың. Әсіресе, ондай елдер жер шарының Африка бөлегінде көп. Ондағы елдердің көпшілігі атақ, даңқымен, бай мәдениетімен дүние жүзілік аренаға шыға алған жоқ. Африка елдері ғасырлар бойы, тіпті күні бүгінге дейін ағылшын, американдық, француз және басқа да империалистік елдердің отаршылдық қанауында езіліп келеді. Алайда, соңғы жылдары Африка шырты ұйқыдан оянды. Африка елдері тәуел-



Суретте: гандықтар какао кептіріп отыр.

сіздік және бостандық жолындағы күреске аттанып, біртіндеп азаттық ала бастады.

Міне, сондай елдердің бірі, қазіргі әңгіме қылғалы отырғанымыз Гана мемлекеті.

Гана-Батыс Африкада, атақты Гвинея шығанағының жағалауында тұратын мемлекет. 1957 жылдың март айына дейін оны Алтын Жаға деп те атап келген.

Гананың жер көлемі 237, 873 шаршы километр. Халқының саны 4,6 миллион. Мұнда негізінен ашанти, ган, эве және басқа халықтар мекендейді. Мемлекет астанасы Аккра қаласы. Аккрада 136 мың халық тұрады.

Гана — ауылшаруашылығымен кәсіп ететін ел. Ауылшаруашылық дақылдарынан егетін басты егісі какао. Гана тұрғындары

жыл сайын, орта есеппен, 200 мың тонна какао бұршағын жинап алады. Бұл өте мол өнім. Какао өндіруде Гана дүние жүзінде бірінші орын алады.

Осымен бірге, бұл елде арахис, батат (дәмі тәтті картоф), маниок, цитрус және майлы пальма ағаштары, каучук өсімдіктері егіледі. Сондай-ақ, жергілікті халықтар сыртқы саудалық маңызы бар, қымбат бағалы ағаштарды, атап айтқанда, қызыл ағаш, кедр және басқаларын өндіру ісімен айналысады.

Гана тұрғындары, әсіресе елдің солтүстік аудандарында тұратындар көбінесе мал шаруашылығымен (қой, ешкі, ірі қара мал өсірумен) шұғылданады.

Бұған қарап, Гананы өнеркәсіпсіз ел деп те айтуға болмайды. Онда алтын, марганец, ал Биррим мен Бонза өзендерінің алқаптарында алмас та өндіріледі. Алмас өндіруде капиталистік елдердің ішінде Гана төртінші орын алады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Ганада боксит те өндірілді. Бокситтің запас қоры мұнда 290 миллион тоннадай болады.

Гана бұрын Ұлы Британияның отар елі боп саналатын. Отаршылдық құлдық бұғау арқасын тескен Гана халқы ұлт-азаттық күреске аттанып, тәуелсіздікке ие болды. 1957 жылы Гана өз алдына доминиондық мемлекет болды, яғни ел басқару билігін өз қолдарына алды.

Алайда, бұдан әлі де бұқара халыққа, Гана еңбекшілеріне тиген бостандық шамалы. Мемлекетті билеуші топтар алдымен ұлттық буржуазия мен феодалдардың сойылын соғады.

Балалар, сендер бұл елдерді біліп алындар. Жакында, яғни 26 июль мен 4 август күндері Австрияның орталығы Вена қаласында өтетін бейбітшілік және достық жолындағы жастар мен студенттердің Бүкілдүниежүзілік VII фестиваліне бұл елдерден де жастар делегациясы қатысуға тиіс.

Дүние жүзі жастарының ынтымақ бірлігі мен мызғымас достығы арта берсін!

ЖЫЛАН

Әңгіме

Тасыбай екеуміз өзеннің оң жақ иініндегі жапырағы қою үш түп ағаштың көлеңкесіне келдік. Ол менен жылдамсып, өсіңкі шөптің үстіне бешпентін төсеп жата беріп, артынша арқасына ине қадалғандай атып тұрды.

— Жылан, жылан.. Жыланның үстіне жатыппын! — деді үрейлене, оң жағыма өте беріп. Соны ести сала, оның артынан мен де қаштым.

Екеуміз тас лақтырым жерге барып, Тасыбайдың әлгі жерде қалған бешпентіне адырая қарасып едік, бешпенттен ешбір қимыл байқалмайды. Тасыбай екеуміз бір-бірімізге қарастық.

— Әй, біз неге қорқамыз осы. Давай, бешпентті таспен сабалаймыз,— деді осы сәт Тасыбай, бешпентін иегімен нұсқап. Мен оның ырқына көне қойдым. Бешпентке тасты жаңбырдай жаудырдық.

— Өзі де мыж-мыж болған шығар,— деді, Тасыбай қарқ-қарқ күліп.

Екеуміз «Осы әлі тірі емес пе екен» дегендей қуаңқы шөпті сырт-сырт басып, бешпентке жақын келдік те, тоқтай қалыстық.

— Мүмкін ол әлі тірі шығар,— деді Тасыбай сыбырлап.

— Солай болуы да ғажап емес.

— Енді кәйттік?

— Кәйтуші ек. Сен қазір бешпентті жылдам көтеріп, он жаққа серпіп тастайсың. Ал, мен сол сәтті пайдаланып, бешпенттің орнын мына таяқпен бір ұрамын. Тірі болса, өзі де сылқияр.

— Мен қорқамын. Сен неғылсаңшы,— деді Тасыбай маған бір, бешпентке бір қарап.

— Мейлің онда. Мә, таяқты ал!

Мен бешпентті оң жағыма сілкіп тастадым да, қаша жөнелдім. Тасыбайдың артымнан дедектеп келе жатқанын аяғының

дыбысынан сездім де, жүгірген бойым өзенге барып бір-ақ тоқтадым.

— Тірі ме екен?.. Ұрдың ба?

Тасыбай еңтіге дем алып, төмен қарады.

— Қайдам. Әйтеуір, бірдеңе сұлап жатыр. Сен қашып кеткен соң...

Бешпентке қайтып баруға екеуміздің де жүрегіміз дауаламады. Ауылдан адам шақырып келуге келістік те, жалғыз аяқ жолмен жүгіре жөнелдік.



— Әй,— деген таныс дауысты естіп, кідіріп барып, артымызға қарасып едік, Ахмет екен. Ол велосипедімен келе жатыр. Қуанып кеттік. Жылан жәйін жырдай қып, жарыса айттық.

Ол бірімізді алдына, бірімізді артына отырғызып алды да, бешпентке қарай зымырады. Әп-сәт дегенде, үш түп ағашқа да жақын келдік.

Ахмет велосипедін бізге тастап, бешпентке өзі кетті. Біз тек сырттан состиып тұрыстық. Ахмет екеумізді шақырып алды да, резинка түтікті Тасыбайға ұсынып тұрып: «Әх, су жүректер...!» деді.

Әлімбет Бостанов.

ӨЗ ҚОЛДАРЫМЕН

Жатақхана шамы жарым түнге дейін сөнбеді. Әркім өз ойын айтып жатыр.

— Ей, қашан болса сен-ақ, пысықсып бір-нәрсені ойлайсың да жүресің. Интернатқа кірпіш құю оңай дейсің бе? Сабақ оқимыз ба, әлде, балшық илейміз бе? Күшің тасыса, өзің істе! — деді Үсенбаев Әмірхан кекесінді күлкімен.

Бұның сөзіне балалардың біразы «рас, солай-ау» дегендей пішінде, аз уақыт тым-тырыс отырып қалды. Манадан бері сүттей ұйып, бәрі де бас шұлғып, Болат Елеусіновтың сөзін мақұлдап отырса да, табан астында қылат өзгере қалушылар да сезіліп қалды.

Бұл ой кездейсоқ әңгімеден туған еді. Таңертең тәрбиеші Әбіханов Сәмідін келіп, интернат тәрбиеленушілерімен шүйіркелесіп отырып, бір сөздің арасында, келесі жылы үйдің реті болмауына байланысты, бәлкім, интернат Үңгіртасқа көшер дегендей емеурін білдіріп қалды.

— Неге олай? Біз осы мектебімізге бауыр басып қалдық, ал басқа жаққа барғымыз келмесе ше?

— Бар десе, барасың ғой. Сенің күй таңдайтын ата-анаңның үйі жоқ қой, — деді Кәрім Атамбаев жанындағы жолдасына.

Анау не айтарын білмей аңырып қалды да:

— Бәс тігесің бе? Қане, ендігі жылы осы арадан мен кетпесіме кепілдік берем, — деді Базарқұлов Тұрар қызараңдап.

— Егер мына отырған үйді шеберханаға алса, онда қайтесің? Жоқ әлде, жоғарғы жаққа «интернат осында болсын» деп бұйрық бересің бе? — деді тағы да Исатай ананы ілім тастап.

Екеуінің жай қалжыңының аяғы шынға айналып бара жатқанын байқаған тәрбиеші Сәмідін ара түсіп, екеуіне де басу айтты.

— Балалар-ау, бұларың не? Интернат ендігі жылы бола ма, болмай ма, ол арасы дәл шешілген жоқ. Бірақ, мына өздерің отырған үйді басында шеберханаға арнап салған. Өткен жылы жаңбыр көп болып, жоғарғы жақтағы интернат үйі құлай

бастаған соң, амалсыздан осында көшірілген. Кім біледі? Тағы бір жыл тұруға рұхсат етер. Оны кезінде көрерсіңдер. Онан да сабаққа әзірленіңдер, — деп, бәрін таратып жіберді. Осы бір сөз Болат Елеусіновке дүдәмал сырдай, қайта-қайта ойын бөліп, мазалай берді.

Осы ауладан интернатқа жаңа үй тұрғызуға болмас па еді. Бұл қалай? Шөптің басы жел соқпаса қимылдамайды. Сірә, қисыны келмеген соң, басқа жерге көшірмек қой. Ана жылы бастауыш класта оқып жүргенде, үй болмай, Қарақыстақтан осы Жамбылдың ауылына әкелді. Мектеп қандай! Екі қатарлы. Міне, осы аулада асыр салып, ойнағалы төрт жыл болып қалыпты. Бәрі көзіне жылы ұшырайды. Ең сүйіктісі, мұғалімдерді айтсаңшы. Бәрі де жақын тартып, жақсы көріп тұрады. Басқа жерге барсақ та бәрібір ғой. Алайда, қоныс таппай көшіп жүру қайбір жақсы, әттең, өзім бастық болсам, осы арадан жарқыратып жаңа үй салып берер едім!! — деп Болат толқып, ойға бөленіп отырғанда, оның қасына жолдастары келді.


— Сен неге тұнжырап отырсың? — деді бірі.

— Өзің қызық сөйлейсің. Менің шешем жұмыстан шаршап келіп жатқан әкеме дәл осылай сұрақ қоюшы еді. Сонда әкем тұрып: «Ей, — бәйбіше-ай, семьяның қамы ғой», — деп күлетін еді. Сол айтқандай, сендердің қамдарың ғой, — деді Болат әзіл аралас. Бәрі мәз боп күліп қалды. Елеусінов бүгін өзін көп ойландырған жайларды айтты.

— Манадан тілімнің ұшында тұрған бір сөз бар. Соны айтайын десем, бос сөз болып шыға ма деп отырмын, — деді. Олар да «айт, айт» деп қоршай түсті.



Кірпішті колдан-қолға беру әрі жеңіл, әрі тез болды.



Болаттар кірпіштерді иін тірестіріп жинап қойды.

— Естерінде бар ма? Бағанағы ағайдың айтқанының жаны бар. Үйдің тапшылығынан біздерді басқа мектепке апарады ғой деймін. Бізге бәрібір мектеп қой. Алайда, қашанғы көше береміз. Орнықты өзімізге интернат үйін салуымызға күшіміз жетеді ғой. Барлық балалар жабылсақ, бірлі-жарым күнде кірпішін құйып тастауға болады ғой. Онан соңғы іргесін қалау, шатырын көтеруге дирекция арқылы бір маман алсақ, ол жөн-жосығын көрсетсе, біздер ойнап жүріп істеп тастамаймыз ба? — деп, ұсыныс айтты Болат балаларға. Мағнағы әңгіме осыдан туған еді. Кірпіш құйып интернат орнатамыз ба, жоқ па? Осы сұрақты бүк, не шік қылып шешу керек еді. Үй тұрғызу ойыншық емес. Бастап алып, тастап кетсе тағы ұят. Ол жағын да ескеру керек. Бұл түні ештеңені шешпей, бір түйінге келе алмай, бәрі тарқасты.

Бірнеше күннен кейін мектепте комсомолецтер мен пионерлердің жалпы жиналысы бола қалды. Онда оқушылардың жаздық каникулды қалай өткізулері туралы сөз болды. Біреулері өндірістік бригадаға, бірі фермаға, бірі қой бағысуға, бірі темекіге барамыз, енді біреулері лагерьге, артекке барамыз десті. Балалар бірінен соң бірі сөз алып сөйлеп жатты. Солардың арасындағы Я. Тұтадзениң сөйлеген сөзі тартымды болды:

— Егер мұғалім ағайлар, комсомолецтер

мақұл көрсе, біздер каникулға шығар алдында сыбанып тұрып, кірпіш құйсақ деген тоқтамға келдік. Мұны еске түсіріп, ойға салған Елеусіновті атай кеткім келеді, — деді ол. Бұған бәрі бірден құлақ түріп, назармен тыңдады. Сол-ақ екен, мінбеге шығушылар бұл бастаманың үлкен игілік екенін айта бастады. Тіпті, бәрінен бұрын осы істі қолға алайық деген тоқтамға келді.

Арада үш-төрт күн өтті. барлық керекті құрал-саймандарды балалардың өздері жасады. Сөйтіп, 24-майда оқушылардың қаз-қатар тұрып, күрек басқан күні де басталып кетті.

Шаңқайған түсте күнге күйген жоталары жалт-жалт етіп, қимылдап жатқан қарақұрым балалар. Тек түсте тамақ ішіп, тыныс алғандары болмаса бәрі қарбалас. Бұлар-

дың ішінде оныншы бітірушілер де бар. Емтиханның таяу қалғанына қарамастан, қалт еткенде бұлар да болысып жүр. «Буыны қатпаған» деп, V—VI кластарды қоспай қойған еді. Бұған қарамастан IV кластың оқушысы Исабаев Исатай, VI кластан Бұланов Бозай, Базарқұлов Тұрар, Құрманбаев Жылқыбай сияқты жас буындар да көпке барып қосылып кетті. Ересек балалар алғашқыда бұларды күлкіге айналдырып, ажуалап та қойды.

Бұлар не десін. Ыза болса да, іштен тынды. Көрерміз деп, күш салыстыруға болмайды.

— Осы, солардың құятындары қанша кірпіш? — деді Б. Бұланов қасындағы бүкшең деп жатқан Т. Базарқұловқа.

— Сірә, 300 болса керек.

— Бері келіңдерші — деп Бұланов өзінің үш досын жинап алды. — Ерегіскенде, солармен бірдей кірпіш құйсақ қайтеді?!

Жолдастары үнсіз ғана келісті.

Тамшылап жауған жаңбыр тасты теседі дегендей, біреуі қалыпқа балшық салып, екіншісі сүйреп төгіп, там-тұмдап жүріп-ақ бір аптада бір мың үш жүз кірпішті құйып, басқалардікімен бірдей иін тірестіріп жинап қойысты.

Олардың көз алдында 35 мың кірпіш самсап тұр. Ол ертең асхана, ол ертең — жатақхана.

Сұлтанғали Садырбаев,

Алматы облысы, Жамбыл ауданы,
Жамбыл атындағы орта мектеп.
Суреттерді түсірген Ә. Жидебаев.

ЕРЛІК

Сағат күндізгі 12 шамасы. Екі-үш күн тынбай жауған жаңбыр жаңа ғана толастаған. Балдыберек өзенінің суы көтерілген, тасуға жақын. Өзен маңында «Советский» колхозының сиыр бақташысы Елубай қарттың баласы Тұрар сиыр жайып жүрді. Бір кезде өзен жақтан: «Құтқарыңда-ар» — деген үрейлі дауыс естілді. Тұрар дауыс шыққан жерге шауып келді. Өзен ортасында екі аттылы арба тұр. Өзен суы бірте-бірте күшейіп, аласа арбадан асып барады екен. Тұрар кішкентайдан спортпен айналысқан бала еді. Ол сырт киімдерін шешіп тастап, қалтасындағы бәкісін аузына тістеп алды да, суға қарғып түсті. Су ағысы күшейген-ақ екен, жайшылықтағыдай, емес. Ол арбаға дейін әрең малтып жетті. Келе сала, постромкаларды қиып-қиып жіберді де, аттарды босатты. Босаған аттар жүзіп сыртқа шықты.



Жағада ентігіп демін алып тұрған Тұрардың ойынан әлгі «Құтқарыңдар!» деген дауыс кетпей қойды. Ол адам қайда? Кенет өзеннің арғы жағасына жақын жерден адам қолы көрініп қалды. Тұрар суға қалай атылғанын, әлгі адамға қалай жеткенін білмейді. Судағы адамды бір қолымен демеп жағаға шығарып, «уһ» деп, демін бір-ақ алды. Бұл осы колхоздың сүт тасушысы Оспанов Сыдық екен. Ол ауруханада 5 күн жатып жазылып шықты.

Колхоз басқармасы адам өмірін және колхоз мүлкін сақтап қалғаны үшін X класс оқушысы Тұрарға алғыс жариялады.

Көшкімбай Елікбаев.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Георгиев ауданы.

Сен білесің бе?

Теңіздер мен мұхиттарда, түрі жағынан, 16 мыңнан аса балық бар.

* * *

Отыз градусты суықта 15 сантиметр қалыңдықтағы қар астында 10°, ал 50 сантиметр қалыңдықтағы қар астында 3-ақ градус суық болады.

* * *

Ақ аюдың бауыры улы болады. Сондықтан, оның бауырын тамақ ретінде пайдалануға болмайды.

* * *

Жаздыгүні Солтүстік мұзды мұхиттың жағалауына құс өте көп

жиналады. Бұл кезде оларды тіпті күреп алуға болады.

ЖЕР АСТЫНДАҒЫ ТЕҢІЗ


Сендер жер астында өзендер мен кішкентай көлшіктер болатынын бұдан бұрын да талай естіген шығарсыңдар. Бірақ, жер астында теңіз бар дегенді естідіңдер ме?

Жақында қытай геологтары Хэнань, Аньхой, Цзянси провинцияларының астынан үлкен теңіз тапқан. Бұл теңіздің көлемі 200 мың шаршы километр. Яғни, Азов теңізінің көлемінен бес есе зор. Бұл жер астының теңізі бұдан 25 мың жылдар бұрын пайда болған. Оның суы тұщы, сондықтан да ол

жер үстіндегі жоғарыда аты аталған провинциялардың ауыл шаруашылығы үшін өте пайдалы.

* * *

Марганец — техникада өте қажетті металдардың бірі боп саналады. Ол теңіз суынан алынады. Бұл жолмен алу әрі қиын, әрі қымбатқа түседі. Кейінгі кезде ғалымдар теңіз түбінен дөңгелек, үлкендігі жұдырықтай тас тапқан. Мұның химиялық составын зерттеп қарағанда, оның 25 проценті марганец, 15 проценті темір, мыс, никель, кобальт екені анықталған. Ғалымдар осы тасты теңіз түбінен аппарат арқылы басқа қосындылардан бөліп алу жолын қарастырып жатыр.



ҰЛТ ОЙЫНДАРЫ

«ТАУҚЫРАЙДАН-ТАУҚЫРАЙДАН»

Ойнаушылар бірінің қолы бірінің басына жетерліктей қашықтықта дөңгеленіп отырады. Ойын бастаушыдан басқасы жалаңбас. Ойын бастаушы «Тауқырайдан-тауқырайдан» деп, қайталап айта түседі де, өз басындағы тақияны оң жағындағы көршісінің басына кигізе қояды. Көрші де сол сөзді қайталап, оң жақ көршісіне кигізеді.



Осылай айналып кете береді. Бір мезетте ойын бастаушы көзін жұмып аз отырады да, «тақ-тақ» деп өз басын өзі баса қояды. Тақия кімнің басында қалса, сол ұпай тартады, яғни ойын бастаушының айтқанын істейді: өлең не тақпақ, болмаса қысқа ертегі айтады.

«ҮЙ АРТЫНДА ҚОЛАҒАШ»

Бұл ойынды 10—15 бала, кейде одан да көп болып ойнайды. Ойнау тәртібі: қатысушылар бірінің қолынан бірі ұстап, дөңгелене тұрады. Ойын бастаушы не белбеу, не орамал сияқты бір шүберек затты алады да, дөңгеленіп тұрған топтың сыртын айнала жүгіріп жүріп былай дейді:

— Үй артында қолағаш,
желбау тартам есік аш.
Бұл сөзді бірнеше рет қайталай береді.

Дөңгелекте тұрған балалар:

— Үй артында қолағаш,
жел кірмесін есік бас! — дейді. Бұл сөз де қайталана береді. Тұрған балалар ұстасқан қолын ажыратпайды. Ол — есік ашпағанның белгісі. Енді:

— Үй артында қолағаш,
желбау тартам есік аш. —
деп жүгіріп жүрген бала өзі таңдаған бір баланың артынан орамалмен бір соғып қалады да, орамалды сол балаға тастай сала:

— Үй артында қолағаш,



озам десең, ала қаш — деп, өзі сол бетімен жүгіре береді.

Осы жайдың боларын біліп, әзір тұрған бала да қолағашты ала сала, әлгі балаға қарай қарама қарсы жүгіреді. Бұл кезде дөңгелекте тұрған балалар:

Үй артында қолағаш,
Қолағашты ала қаш,
Қай бұрын келгеніне есік аш, —
деп, хормен айтып тұрады.

Екі жүйріктің қай бұрын жеткені әлгі баланың орнына келіп тұра қалады. Енді:

Қолағаш, қолағаш,
Жел кірмесін есік бас! — деген сөзді барлық бала хормен тағы да айтады. «Есік» жабылады. Енді әлгі қалып қойған бала манағы сөздермен ойынды қайталап орындайды.

Ойын осылай созыла береді.


Садық ҚАСИМАНОВ.

ҚАЛАЙ БӨЛУГЕ БОЛАДЫ

Мына суретте көрсетілген фигураны түрі жөнінен де, мөлшері жөнінде де бірдей етіп 2-ге, 4-ке, 8-ге, 20-ға бөліңдер.

Құрастырғандар: Құлбай Сағындықов, Садық Тасыбеков.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Қаратас ауданы, Ленин атындағы орта мектептің оқушылары.



Мұқабаның бірінші бетіндегі А. Вяльцевтің «Қолхоз бақшасында» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор М. Фум.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журналы «Пионер».

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 17/VII-1959 г. УГ04528. 84×108^{1/16} — 0,75 бум. 2,46 п. л.
Тираж 37670. Алма-Ата. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1239.



ЖАЗ СЫЙЛЫҒЫ

«Қарап жүрді!» — деменіз, Ал Қадырбек батыр-ақ
Қарқ қылды жаз бізді: Банкідегі жыланға.
Көтере алмай келеміз
Екеулеп бір қарбызды.

Қояндар да бадырақ
Дән риза ұланға.

Балық, кірпі, құс, бақа
Бәрі ырыққа көнеді...
Бірақ бізді тасбақа
Ілестірмей келеді.